

## Қой шаруашылығын дамытуды экономикалық тұрақтандыру және ынталандыру жөніндегі шаралар туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 15 шілде 1993 ж. N 612. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

Жүннің, әсіресе қылшықты жүннің нарқына байланысты қалыптасқан экономикалық жағдайды ескере отырып және қой шаруашылығымен айналысатын халықты әлеуметтік қорғау, осы саланы дамытуды одан әрі ынталандыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер қаулы етеді:

1. Анықталған республикалық бюджетте ауыл шаруашылығы өнімдеріне жәрдем қаржы беру үшін көзделген қаржыдан мемлекет мұқтажына сатып алынатын жүнді дотациялауға 30,6 миллиард сом жіберілсін.

( 2 - а б з а ц )

*Ескерту. 1-тармағының екінші абзацы күшін жойды - ҚРМҚ-нің 13.12.1993 ж. N 1242 қаулысымен.*

2. Қазақстан Республикасының жүнді бастапқы өңдеу фабрикалары мен Ауыл шаруашылығы министрлігінің:

дотация мөлшерін есепке алмай, мемлекет мұқтажы есебіне сатып алынатын биязы және жартылай биязы жүнге көрсеткішті бағаның (N 70-45, 1991 ж.) 25-інен, ал жартылай қылшықты және қылшықты жүнге 15-інен кем болмайтын өзара қолайлы коэффициент белгілеу жөніндегі;

ауыл шаруашылық тауарларын өндірушілерден жүнді беру шартымен жуу және сақтау үшін қабылдау туралы ұсынысы қабылдансын.

3. Экспортқа сатылатын жүннің көтерме-босату бағасы анықталған жағдайда, оның өзіндік құнына ауыл шаруашылық тауарларын өндірушілер төлейтін дотация сомасы қосылады деп белгіленсін.

4. Тұтыну кооперациясының мемлекет мұқтажы үшін жүн беретіні анықталғанын ескере отырып, оны халықтан дайындау Қазтұтынуодағына жүктелсін.

5. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі "Легинвест" акционерлік инвестициялық компаниясымен және Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігімен бірлесіп, үш ай мерзім ішінде жүннен халық тұтынатын тауарлар өндіру жөніндегі ұқсату өнеркәсібін дамыту бағдарламасын әзірлесін және оны Қазақстан Республикасы Ұлттық

экономикалық жаңару кеңесінің қарауына ұсынатын болсын.

6. Қазақ ауыл шаруашылық ғылым академиясы, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі және Стандарттау және метрология жөніндегі бас басқармасы республикада жүнге, тері мен былғары-тон шикізатына қолданылып жүрген стандарттар мен сертификаттардың, 1994 жылы енгізу үшін, олар халықаралық нормаға жауап беретіндей болуын қайта қарайтын болсын.

7. Жүнді ұқсату технологиясын пысықтау, қылшықты жүннен дәстүрлі бұйымдар жасау мақсатында Қазақ ауыл шаруашылық ғылым академиясы, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі және "Легинвест" акционерлік инвестициялық компаниясы жүнді аяқталған технологиялық желімен дайын бұйымдар жасауға дейін қайта өңдеу жөніндегі тәжірибелік-эксперименттік кәсіпорын құру туралы ұсынысты қарап, енгізетін бо л с ы н .

8. Қолда бар жүн ресурсын ұтымды пайдалану және оны рынокта сату үшін қосымшаға сәйкес комиссия құрылсын.

9. Қазақстан Республикасының, Қаржы министрлігі мен Ауыл шаруашылығы министрлігі 10 күндік мерзім ішінде ауыл шаруашылық тауарларын өндірушілердің жүнге дотация төлеу тәртібін әзірлеп, белгілейтін болсын.

1 0 < \* >

*Ескерту. 10-шы тармақ күшін жойған - ҚРМК-нің 1995.09.26.*

Н 1 2 8 3 қ а у л ы с ы м е н .

11. Жүнді республикадан тысқары жерлерге еркін сату үшін квоталау тоқтатылсын және осыған байланысты:

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Қазақстан Республикасы өнімдерінің экспортына 1993 жылғы квоталар туралы" 1993 жылғы 26 қаңтардағы N 66 қаулысына қосымшадағы: "жуылған жүн 10" деген сөз;

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "1993 жылы Қазақстан Республикасының мемлекеттік мұқтаждарына арналған өнімдер мен тауарлардың аса маңызды түрлерін беріп тұруды қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы" 1993 жылғы 10 наурыздағы N 193 қаулысының "жеңіл өнеркәсіп" тарауының қосымшасындағы "жуылған жүн мың тонна 20,3" деген сөз күшін жойған деп танылсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

*Премьер-министрі*

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
М и н и с т р л е р К а б и н е т і н і ң  
1 9 9 3 ж ы л ғ ы 1 5 ш і л д е д е г і  
N 6 1 2 қ а у л ы с ы н а  
Қ о с ы м ш а

**Қолда бар жүн ресурсын ұтымды пайдалану және  
оны рынокта сату жөніндегі комиссия**

**Құрамы**

- Төлебеков Қ.Х. - Ауыл шаруашылығы министрінің бірінші  
орынбасары (төраға)
- Жомартов А.Ш. - "Легинвест" компаниясының президенті
- Красносельский Н.Ф.- Экономика министрінің орынбасары
- Костюченко В.В. - Сыртқы экономикалық байланыстар министрінің  
бірінші орынбасары
- Рыльский М.Е. - Ақтөбе жүнді бастапқы өңдеу фабрикасының  
директоры
- Жолшыбеков А.Ж. - Жамбыл жүнді бастапқы өңдеу фабрикасының  
директоры
- Зиберт Р.А. - Семей жүнді бастапқы өңдеу фабрикасының  
директоры